

«Бекітемін»:   
«Сарысай.ОМ» КММ директоры  
Нурмуханов Н.С.  
«31»  2021 ж

Келісемін:   
оқу ісінң менгерушісі  
Таласбаева Т.Т.  
«30»  2021 ж

Қаралды:   
ӘБ жетекшісі: Адылова Г.С.  
№1 хаттама  
«31»  2021 ж

4-сыныпқа арналған  
**«Логика»**  
(вариативтік компоненті, аптасына-1 сағат)  
Пән мұғалімі: Адылова Г.С.

2021-2022 оқу жылы

### Түсінік хат

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін (назар аудару, есте сақтау, қабылдау, байқағыштық, елестеу, ойлау т.б) дамыту оқу процесінде маңызды орын алады. Берілген логика курсының бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасап отырып, баланы іздемаздыққа және өзіне сенімді болуға, ақыл ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған материалдармен қамтылған.

Бастауыш сыныптарда ұсынылып отырған «Логика курсының бағдарламасы» баланың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптатыру мақсатында алты және он жас аралығында жүргізіледі. Логика курсының басқа пәндерден айырмашылығы сыныптан тыс факультативтік сабақ ретінде 136 сағат аптасына 1 сағат бірінші сыныпта сабақтың ұзақтығы 35 минут, 2-4 сыныптарда 40-45 минутқа есептелген. Логика курсының бағдарламасы «Логика» (Ерешева К және Алматы «Өлке» 2010) оқу құралының негізінде жасалған. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық танымдылық қабілеттері мен білім-білік дағдылары қалыптасады.

Курстың шығармашылық ізденіс тапсырмалары мазмұны мен құрлымы жағынан жан жақты ұйымдастыруға мүмкіндік тұғызады. Танымдық қасиеттері мен білім білік дағдыларын қалыптастырады. Бұл курстық жүйенің ерекшелігі- негізгі оқу материалдарынан тыс, баланың мүмкіндіктерін ашып, жеке тұлға ретінде дамуына әсері мол.

Оқу құралындағы тапсырмалар балалардың өз бетінше логикалық іздену әрекеттеріне негізделген жаттығулардан тұрады. Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір біріне ұқсамайды. Осындай жаттығулар орындау барысында өз пікірін ортаға салып дәлелдеуге, қиын жағдайда жол тауып шығуға, жеке шешім қабылдауға үйренеді. Әр сабақ сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейіп, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Сөйтіп олар өздерінің дамуында көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары мен белсенділіктері артады.

Әр сабақтан соң өз беттерінше орындаған жұмыстары бағаланады. Баламен жұмыс жасау кезінде, оның сенімін арттырып, тұрақтылық пен мақсатына жете білуіне үйрету қажет. Мұнда маңызды роль қолдау сөздер.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Оқушылардың тапымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыру  
Оқушыларды оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, шығармашылық тұрғысынан ойлау, өз беттерінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу  
Оқушылардың игерген білімдерін күнделікті өмірде пайдалана отырып жеке тұлға ретінде қалыптастыру  
Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу үйрету және тәрбиелеу

### **Бағдарламаның міндеті:**

Өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру  
оқушының интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін дамыту  
Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету  
Көру, есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойын дамыту  
Өз пікірін айту, талдау және оны дәлелдеу арқылы тілін дамытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру  
Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу

-Өзіндік жұмыс жағдаяттарын тиімді шешу.

**Пәнаралық байланыс:** әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі, дүниетану, логика негіздері, ұлттық дүниетаным.

**Ұйымдастыру формалары:** топтық жұмыс, зерттеу, бақылау жұмысы, жеке жұмыс, қосымша әдебиетпен жұмыс.

**Жілігі:** 34 сағат

**Оқушылар білуі тиіс:**

- өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге дағдылану
- теориялық білімдерін практика жүзінде ұштастыра білу
- өз қиялын ұштай отырып, сұрақ қоя білу
- күнделікті өмірінде болып жатқан түрлі іс әрекеттің ерекшелігін бақылау әдісін қолдану арқылы анықтау

**Оқушылар істей алуы тиіс:**

- өзгеше және шапшаң ойлау
- әрекетті немесе нәтижені сынау
- өз көзқарасын және өз ойын ашық айту
- тірек сөздермен, мұғаліммен және дербес жұмыс жасау

**Күтілетін нәтиже:**

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жаңа шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

Сауатты оқуға, түсінуге, ажыратуға, салыстыруға алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады.

### **Курс бойынша мазмұны мен құрылымы**

#### **«Қиял мен зейінге шолу»**

Дарынды балаларға арналған «Логика» көмекші, әдістемелік құралының құрылысы мен мазмұны математика курсының негізгі болып табылады. Мұнда тек қажетті дайындық деңгейі жетістіктерін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар логикалық - математикалық дайындықты күшейтетін терең, әрі жан - жақты математикалық білімді игеруді, математикалық нысандармен жұмыстағы нақты тәжірибені дифференциалдық тәсіл мүмкіндіктерін, оқу қызметінің маңызды элементтерін дамытуға жол ашады. Жаттығулар жинағында сабақтарды белгісіне қарай бөлуге және оларды орындауға, салыстыруға, жүйелеуге, логикалық сөздерді түсінуге және оларды дұрыс қолдануға, талдауға, ұғымды анықтауға, арналған тапсырмалар берілген.

Оқушыларды талқылай білуге, алған білімдерін қолдана білуге, негізделген ауызша есептеудің қызықты тәсілдеріне арналған тапсырмалар енгізілген.

Шығармашылық жаттығулар, геометриялық маңызды жаттығулар, логикалық тапсырмаларды шығару тәсілдерін үйретуді көздейді.

#### **«Өмірдегі тиімділік»**

Дарынды балаларға арналған «Логика» көмекші, әдістемелік құралының ұтымдылығы оқушылардың бастауыш сыныптардан бастап өз ойын жүйелі де түсінікті етіп жеткізу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру болғандықтан, қызықты сұрақтар, мақал - мәтел, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды талдауға басты назар аударылады. Сондай-ақ сөйлеудің ауызша және жазбаша түрі, олардың ерекшеліктерін қамтыған материалдар берілді. Тез ойлап, тез шешім қабылау, салыстыру, ажырату қабілеттерін дамытады.

Оқушылар тіліміздің грамматикалық құрылысы бойынша білімдерді толықтырылып, оларда білік, дағдылар қалыптастырылады.

Оқушыға өз ойын еркін айтуына, ойын дамыта өзгертуіне шығармашылық жұмыстағы еркіндікке, кез келген мәселені шешуге, баға беруге, таңдау жасауға, оқығанын өмірмен байланыстыруына, өмірде қолдана алуына мүмкіндік береді.

Оқушылар алдына өзекті міндеттерді қоя біледі, оларды шешеді, логикалық тапсырмаларды пайдаланып, салыстыру, топтау әдістерін қолданып, дәлелді тәуелділіктің шешуін табады, талдай білу дағдысын дамытады, тәуелділік байланысын орнатады және қорытынды жасауды үйренеді.

Сонымен қатар логикалық ойлауға дағдыланады, логикалық сөйлеу және ойша елестеу қабілеті дамиды.

Қоршаған ортаны танып, білу үрдісі баланын ойлануын дамытып қана қоймайды, оқушының қоршаған ортаға адамгершілік қарым - қатынасын қалыптастыруына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың қоршаған дүние туралы алған білімін дұрыс қолданып, әлеуметтік және табиғи ортада өзінің жүріс тұрысын әділ бағалай білу қабілетін тәрбиелеу. Қоршаған ортаны танып білу сабақтарында алған білімі өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Таным теориясы адамға жинақталған ақпаратты зерттеп, ішінен маңыздысын таңдап, соның негізінде дұрыс өмірлік салтын ретке келтіру, дұрыс таңдау жасау қабілетіне ие болуға, яғни өзінің болмысы мен әрекетін бағалау дағдысын көрсете білуге мүмкіндік береді.

**«Логика» 4 сынып**  
**Күнтізбелік жоспар аптасына**  
**1 сағат, жылына -34 сағат**

№	Тақырыбы	мезгілі	Сағ саны	Күтілетін нәтиже	Пәнаралық байланыс
1	Бірдей суреттерді толықтыру	8.15.09	2	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
2	Бірдей суреттерді толықтыру	22.09	1		
3,4	«Өз көзіңе сенбе» ойыны	29.09 06.10	2	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
5,6	Сурет бойынша есеп құрастыру	13.10 20.10	2	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
7	Анаграмманы оқып, жазу	27.10	1	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
8,9	Математикалық жұмбақ ойыны	10.11 17.11	2	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
10,11	Сөзжұмбақты шешу	24.11 01.12	2	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
12,13	Ойлан ,тап	08.12 15.12	2	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
14	Ребус шешу	22.12	1	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
15,16	Тапсырманы пайымдау	29.12 12.01	2	Ойлап салу, елестету қабілеті артады	Әдебиеттік оқу, математика
17	Қиял мен қисынды жаттықтыру	19.01	1	Ойлап салу, елестету қабілеті артады	Әдебиеттік оқу, математика

18,19	Логикалық тапсырмалар	26.01 02.02	2	Мүқият қарауға, тыңдауға дағдыланады көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
23,24	Викторина	09.02 16.02	2	Ойлап салу, елестету қабілеті артады	Әдебиеттік оқу, математика
25,26	Жадында сақтауды жаттықтыру	23.02 02.03	2	Мүқият қарауға, тыңдауға дағдыланады көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
27,28	Математикалық жұмбақ шешу	09.03 16.03	2	Ойлап салу, елестету қабілеті артады	Әдебиеттік оқу, математика
29	Схема бойынша есеп шығару	06.04 13.04	2	Көру арқылы есте сақтауға жаттықтыру  Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
30	«Жасырынған сөздер» ойыны	20.04 27.04	2	Мүқият қарауға, тыңдауға дағдыланады көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, Қазақ тілі, бейнелеу өнері
31	«Қосу таңбасын қой» ойыны	04.05 11.05	2	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
32,33	Фигуралардан сурет құрастыр	18.05	1	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
34	Білімдарлар сайысы	24.05	1	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Логика әлемі» 4 - сыныпқа арналған әдістемелік құрал Алматы өлке баспасы, 2016 ж.
2. «Логика әлемі» 4– сыныпқа арналған жұмыс дәптері Алматы өлке баспасы, 2016 ж.